

**Жанар Кажимовна
Турысбекова**
«Үржар колледжі» КММ.
Филология ғылымдарының
кандидаты

Халық ақыны Төлеу Көбдіков поэзиясындағы Абай дәстүрі

XX ғасырдың басындағы ақын-жазушылардың кез-келгені Абай атты ұлы дариядан сусындап,шығармашылығының алтын өзегі етті.

Абайдың ақындық мектебінен нәр алған,поэзиядағы ұлы ақын дәстүрін жалғастырушылар да осы «оқушылары»еді. Соның бірі-Абайдың алдын көрген,дастарханынан дәм татып, мәжілістес-сыйлас болған,артына Абай жайлы баға жетпес құнды естеліктер қалдырып кеткен адуынды ақын,арқалы айтыскер-Төлеу Көбдіков.

Төлеу Көбдіков поэзияға үлкен дайындықпен,биік талғаммен,таныммен келген.Өз поэзиясында Отан,халық тағдыры сияқты өзекті мәселелерді көтерді.Жеңіл тақырыптарға желдей есіп,оңды-солды бұрқыратып өлең жаза беру ақын табиғатына жат еді.Сондықтан да 1915 жылы жазған бір өлеңінде:

Айтушы аз,ұғушы кем,күтуші жоқ,
Жібектің жүн болмағы түтпегеннен.
Өлеңді үлгі демей,жынды дейді,
Бұл сөзді жай жүрелік жүктегеннен,-

деп ақындықтың қадірсіздігін айтады.Ақын осы өлеңімен Абай дәстүріне еліктеп қана қоймай,сыншыл реализм дәстүрін де меңгере бастағандығын байқатады.Өлеңнің қадірін білмейтіндерді сын тезіне сала отырып, «айтушы» мен «тыңдаушыдан» бірдей биіктікті талап етеді,оған «күтушіні» қосады.Абайдың «Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,бұл жұрттың сөз танымас бір парасы»деп келетін жолдары бар. «Өлең –сөздің патшасы,сөз сарасы» атты өлеңінің стиліне еліктеу мәнері тайға –таңба басқандай көрініп тұр.Жас ақын үшін бұл үлкен жетістік.Төлеу ақындық өнерді жоғары бағалай отырып,сөзді орын-орнымен құрайтын қасиетті ақындықты іздейді.Абай дәстүрін үлгі етеді.Ал,

Өлеңге әркімнің-ақ құмары бар,
Ішінде аз-маз ғана ұнары бар.
Көн жамап,былғарыға былғамалық.
Әр сөздің өз жөнімен ұғары бар,-

деген жолдардан өлеңге сыншылдықпен қарайтынын байқатады.Төлеу «Өлеңге әркімнің-ақ құмары бар» деп қазақта ақындар көп екенін айтады да, «Ішінде аз-маз ғана ұнары бар» деп нағыз ақындардың аз екенін білдіреді.Бұл жерде өлең өнеріне қатаң талап қойған Абайдың:

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын,сырты күміс сөз жақсысын,

Қазақтың келістірер қай баласы?- деген ойымен үндес,мазмұндас екенін аңғарамыз.

Ақын жалаң, жадағай еліктеуден аулақ. Төлеу өлеңі де ақынның шығармашылық көрігінде шыңдалып шыққан жүрекжарды туындысы. Төлеу де өзінің ұлы ұстазы сияқты поэзияны еріккеннің ермегі санайтындарға «ұлы сия, ащы тілмен» өз биігінен тіл қатады.

Ал ақынның:

Хордың қызы, перінің жігітіндей,
Көрінеді бұл күнде жастар маған.
Жас өмір қараңғыда зая кетіп,
Арманым осы өмірде жас болмаған,-
деуі көкірегін жарып шыққан өкінішті байқатады.

Абайдың:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ер жеткен соң түспеді уысыма
Қолымды мезгілінен кеш сермедім,-
деп келетін өлеңімен үндесіп жатыр.

Төлеу ақындық өнерді өнердің шыңы деп есептей отырып, Абай дәстүрін үлгі етеді.

Алдыңғы Абайлардай болмасам да,
Әлімше шығарушы ем сөзден өрнек,-
деп, өз-өзіне көңілі толмай, қамшылап, ақындық дарынын ұштап, жетілдіріп отырады.

Төлеу «Абай» атты толғауында ұлы ақынға деген барша құрметін, ыстық ықыласын танытады. Абай поэзиясын жоғары бағалап, өз өміріне ғұмырлық серік еткендігін байқатады. Төлеу Көбдіков Абайды ақындардың атасы, қазақтың бас ақыны ретінде тани отырып, басқа да ақындарды Абайдан үйренуге шақырады, ақындық өнердің үлгісі, ақындықтың қағбасы деп мойындайды.

Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,-
деген Абай сөзіне орайластырып:

Болмас ед артық айтқан менің сөзім,
Абайды күні бүгін тірі десем,-
деп түйіндейді.

Қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализмнің негізін қалаған Абай екені-дау тудырмас талассыз шындық. Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиеті данышпан ақын салған осы соқпақпен дамыды. Бұл жөнінде ғалым Зәки Ахметов былайша ой қорытады: «Біз реализм дегенде, әсіресе, Абай реализмі дегенде, шыншылдықты көркемдік принцип етіп қолдануды айтамыз. Абай реализмінің көркемдік әдіс ретіндегі ең басты өзгешеліктері алдымен айналадағы өмір, болмысты, қоғамдық құбылыстарды мейлінше кең қамтып, нақтылы бейнелеу, ел тағдырына, өміріне қатысты ең маңызды әлеуметтік мәселелерді халықтық мүдде, озат арман-мақсаттар тұрғысынан толғай білудейміз».

Төлеу ақынның сыншыл реализм дәстүрін меңгере бастағандығының бірден-бір көрінісі-1916 жылы жазылған «Сарықарқа» толғауы.Толғау 1916 жылғы патшаның қара жұмысқа қазақтан кісі алуына байланысты туған.

Ақын жарлықты естіп,естен танғандай күй кешкен халықтың басындағы күйзелушілікті тебірене жырға қосады:

Июньде жиырма бесінші шықты жарлық,
Жарлықты естіген соң естен тандық.
Жар қылды үш-ақ күнде жиылсын деп,
Болады бұдан артық қандай тарлық.
Шықпаған момын қазақ үйірінен,
Қамалып,жол таба алмай иірілген.
Баласын бауырындағы тұтас алып,
Теңселді оқ тигендей бүйірінен.

«Сонда әділеттілік қайда?» деген сұраққа ақын:

Әркіммен теңдес туған аталықпыз,
Арғыдан келе жатқан қатар-ақпыз,
Қаршыға,тұрымтайды жем қылуға
Біз қалай осыларға жапалақпыз?-

деп жауап беріп,әлеуметтік теңсіздіктің сырын көрсетуге ұмтылады.Ақын адам баласы әуелден қатар жаратылған дей келіп,күшті мен әлсіздің арасындағы күрестің себебін түсіндіруге тырысады.

Ақынның «Сарыарқа» толғауы-өз кезінің тарихи-әлеуметтік мәселелерін көтерген терең танымды толғау.Өз халқын жан-жүрегімен сүйген патриот ақын ел басына түскен ауыртпашылықтың жолын іздеп аласұрады,халық тағдырын ойлап толғанады.Жанын жегідей жеп,көңілін қапаландырған жайттарды шыншылдықпен шертеді.Осы тұрғыдан алғанда «Сарыарқа толғауы»-Төлеу ақынның алдыңғы Абай дәстүрін өз поэзиясында сәтті жалғастыруының жемісі.

Төлеудің сатира жанрында жазылған,елдегі би-болыс,қожа-молдаларды сынауға арналған өлеңдері-Абай дәстүрін берік ұстанып,соның ықпалында жазылған,демократтық көзқарасын айқын танытатын шығармалар санатынан саналады.

Қорыта келгенде,Абайды өзіне ұстаз тұтқан халық ақыны Төлеу Көбдіковтің шығармашылығына тән қасиеттер-терең халықтық сипат пен өмір шындығын жырлау.Бұл ақынның қазақ әдебиеті тарихында реалистік жазба әдебиеттің негізін қалаған ұлы Абаймен рухтастығының,өзектестігінің,тамырластығының бір айғағы.Осының бәрі Төлеудің Абай атты ұлы дариядан сусындап,шығармашылығында биік мұрат пен көркемдік қуатты қатар ұштастыра білгенінен деп тану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Мұхаметханов Қ.Абайдың ақын шәкірттері,I кітап.-Алматы:РГЖИ Дәуір,1993.-224 б.
- 2.Ахметов З.Абайдың ақындық әлемі.-Алматы:Жазушы,1995.-245 б.
- 3.Әуезов М.Әдебиет тарихы.-Алматы,1991.-230б.
- 4.Нұрқатов А.Абайдың ақындық дәстүрі.-Алматы:Жазушы,1966.-345б.
- 5.Қожакеев Т.Адам.Қоғам.Сатира.-Алматы:Қазақстан,1980.-176 б.